


«Бекітемін»
МКҚК «Балапан» МДҮ меңгерушісі
м.а.С.Х. Байдавлетова
«31» 08 2021 жыл



«Келісемін»
«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Қарғалы ауданын білім бөлімі»
ММ бөлімінің сарапшылар кеңесі.
«31» 08 2021 жыл



Бейімделген бағдарлама
Вариативтік компонент
«Қызықты логика әлемі »

«Балдырған» ересек тобы.

Тәрбиеші: Абдуллаева М.А.

«Қаралды»
МКҚК «Балапан» МДҮ әдіскері
С.Х. Байдавлетова
«1» 09 2021 жыл

«1» 09 2021 жыл

Бадамша ауылы.

Алғы сөз

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Ұсынылып отырған «Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім бағдарламасы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгереді. Бағдарлама-дағы ойындар мен тапсырмалар қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОҚ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылау үшін, «Кім тапқыр», «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалар вариативті бөлімнен алған әсерлерін көңілді бейнелер арқылы рефлексия жасауға үйренеді.

Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яйцо», «Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе», «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы-берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

Мектепке дейінгі ұйымда өткізу барысында оқыту мен тәрбиелеуде «Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім бағдарламасы төмендегідей мақсатты ұсынады:

- Балалардың танымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыру. Логикалық дағдыларын жетілдіріп, жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерту.

Бағдарламаның міндеттері:

- Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;
- ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылауға тәрбиелеу;
- зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұшық еттерін дамыту;

Күтілетін нәтижелер:

- Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға, заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады;
 - Балалардың ой-өрісі кеңейіп, есте сақтау қабілеті шыңдалады, білімге деген қызығушылығы артады;
 - Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген білімдерін толық меңгереді;
- Бала өз бетімен жұмыс жасай алады

**«Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім бағдарламасына
Пікір**

«Қызықты логика әлемі» Адаптивті бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, математикалық ұғымдар қабілеттерін қалыптастыруға лайықталып құрылған.

Бағдарламада қызықты жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, жұмбақтар, өлеңдер, логикалық ойлауға арналған тапсырмалардан топтамалар жасалған, балаларды бірыңғай заттарды белгілеріне қарай (көлем, пішін, түсіне байланысты) топтау арқылы салыстыруға үйрету, сезімдік сапаларын білуге үйрету көзделген. Әр түрлі қызықты материалдарды қолдану - педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырып, баланың ақыл-ойының дамуына, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арнап жасалынған. Әр түрлі тапсырмалармен жұмыс жасап, логикалық ойлауды үйренген соң бала еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды. Бағдарлама құрлымы бойынша берілген тапсырма арқылы математикалық ұғымдарды, логикалық тапсырмаларды өз бетінше орындау барысында баланың ойлау қабілеті дамиды.

Бағдарламаның мазмұны балалардың нақты, баланың жұмыс жасауына бағытталып құрылған.

Вариативтік бөлім бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым балаларының көру, есту, байқау, қиялдау, елестету, есте сақтау дағдылары арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Өз пікірін айту арқылы баланың тілін дамытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Өз бетінше іздену әрекеттері арқылы ерік пен сезім белсенділіктері дамиды.

Вариативтік бөлім бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған.

«Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім

№	Тақырыбы	Мақсаты	Қолданылатын материалдар	Сағ
1	«Тапқырлар»	Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, балалардың ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеңілдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру.	Д/ойын: «Пішіндерді есте сақта»	
2	«Хайуанаттар бағына саяхат»	Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Жұмбақтар 1.Қалқиып қос құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян) 2.Қорықпайды күшті аңнан, Қорқады тек тышқаннан (Піл)	
3	Кім тапқыр?	Балаларды жіктеу, орналастыру, ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.	Санамақ Бір үйде бес баламыз, Бір-бір жастан арамыз. Бір жастағы - Біржан Екідегіміз - Елжан Үштегіміз — Үсен Төрттегіміз - Төкен Бестегіміз - Бекен Жастарымызды қосыңыз, Қосындысы қанша осының?	
4	«Ойнайық, та ойлайық»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету. Сандар туралы білімдерін одан әрі дамыту, ой-өрісін кеңейту.	Д/о: «Жасырылған санды тап»	
5	«Ойлы болсаң озып көр»	Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмалар қызығушылықтарын арттыру.	Көңілді ойын жасайық, Батыл қадам басайық. Осылайша шабытпен, Ойынымызды бастайық.	
6	«Пішіндер әлемі»	Балалардың зейінін ойлау қабілеттерін, геометриялық пішіндер мен денелерді,	Сергіту сәті: Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ.	

		олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Қосып едім екеуін Болып шықты оң саусақ	
7	«Ғажайып тапсырмаларға саяхат»	Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Бәрімізт енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	
8	«Ғажайыптар әлемінде»	Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру, білімдерін жан жақты дамыту, ұшқыр ойлауға баулу.	Сергіту сәті: Орнымызда тұрамыз, Дөңгелекті құрамыз Қолымызбен шапалақтап, Аяқпенен ұрамыз	
9	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.	Саусақ жаттығуы «Бес саусақ» Бас бармағым-атам, үйдің данасы, балаң үйрек-әжем, ошақ анасы. Ортан терек-әкем, отау панасы, шылдыр шүмек-шешем, шаңырақ ажары. Титтей бөбек-мен, бәрінің базары.	1
10	«Логика сыры»	Балаларды бірдей бейнелерді табуға, байқампаздықтарын дамытуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.	Д/о: «Көңілді шеңбер»	1
11	Ойна да ойлан!	Балаларды есте сақтау, зейіндік қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Тапсырмалар орындау арқылы ойлау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа	Сергіту сәті 1. Еркін ұста денеңді, Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш.	1

		қызығушылығын дамыту.	Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үші, бір, екі, үш.	
12	Ойна,ойла,жікте!	Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын,ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Математика мақал-мәтелде» (мақалдың жалғасын тап) <i>1.Бір тал кессең ,</i> <i>2. Жүз теңгең болғанша, ...</i> <i>3.Екі жақсы қас болмас, ...</i> <i>4.Жеті рет өлшеп, ...</i> <i>5. Білекті бірді жығады, ...</i> <i>6.Бір жеңнен қол шығар, ...</i>	1
13	Зейінді бол	Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, білімге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. Жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.	Д/О «Зейінді бол»	1
14	«Жүзден жүйрік»	Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зейінін тұрақтандыру.	«Көңілді санамақтар» Кел санайық санамақ, Кел санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы - Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек – кезекші, Шылдыр шүмек – көмекші Шынашағым – балапан, Бәріне ортақ алақан. Шылдыр шүмек – мен, Титтей бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.	1
15	«Сиқырлы қораптың қызықтары»	Заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ	Д/о:«Өз орныңды тап»	1

		қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зейінін дамыту.		
16	«Кішкентай тапқырлар»	Ойлау, көріп тану, есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке шапшаңдыққа, кеңестікті бағдарлай білуге үйрету	Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»	1
17	«Ойшылдарға тапсырма»	Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.	Д/о «Өз орнына тұр»	1
18	«Көңілді ойшылдар»	Балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа тәрбиелеу.	Бірінші күн - дүйсенбі, Екінші күн – сейсенбі Үшінші күн – сәрсенбі Төртінші күн — бейсенбі Бесінші күн — жұма Алтыншы күн - сенбі Жетінші күн - жексенбі.	1
19	«Бақаның қызықты тапсырмалары»	Балаларды тапсырмалар орындау арқылы, көкөністер мен жемістерді, жануарларды ажыруға, кеңестікті бағдарлай білуге дағдыландыру.	Санамақ. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! (Қадыр Мырза Әли)	19а
20	Логика сыры	Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту.	Жаңылтпаш Орта қойдым, Торта қойдым. Торта қойдым, Орта қойдым.	1
21	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру, заттардың ұқсастығын ажырата білу, ойлау қабілеттерін арттыру.	Саусақ санау ойыны Қуыр - қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек,	1

			Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	
22	Ойнап жүріп, ойлайық!	Логикалық ойлауларын жетілдіру, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. санамақтар айта отырып, зейіндерін дамыту.	Санамақ. 1-дегенім бөрік, кесең бойға көрік. 2-дегенім етік, киер сәнді етіп. 3- дегенім ішік, теріден тігер пішіп. 4- дегенім тымақ, қыста кесең жыл- ақ 5-дегенім байпақ, іші жылы тайпақ	1
23	«Ойлан тап»	Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	Д/О: Ойлан тап	1
24	«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	Логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ойын есептер, дидактикалық ойындарды қолдану туралы білімдерін тиянақтау.	Логикалық есеп Екі қаз ұшып барады, Биіктен төмен қарады. Аяқ нешеу, бас нешеу? Жауабын кім табады?	1
25	«Тез ойла, ойна!»	Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру, санамақтар арқылы сандарды айта білуге, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Санамақ Бір дегенім білім, Білім жарық күнің. Екі дегенім елім, Далам, туым көгім....	1
26	«Математика әлемінде»	: Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр- түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.	Жаңылтпаш Үш кісі ішік пішті, Бес кісі ішік пішті. Неше кісі ішік пішті?	1
27	Кім жылдам?	Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту, түстерді ажырату туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау	Жаңылтпаш Тас тостаған, Тас тостағанның ішіне, Тас тастаған.	1
28	«Пысықтауш ы логика жаттығу- лары»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшандылыққа, дәлді кке тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Құтты болсын осы шаттық күніңіз. Бақытты да өмір сүріңіз, Қуанышты жүзіңізбен әрдайым Бұл өмірде күліп қана	1

			жүріңіз.	
29	«Бауырсақтың тапсырмалары»	Балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, белсенділігін, қиялдауын дамыту. Ертегі, ертегінің кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту. Кейіпкерге көмектесу ықыласын қалыптастыру. Жануарлардың қимылдарын көрсету.	Торауылдап ауылды, Қыс бойына жатады, Тісі десең тісі бар, Тәтті ұйқыға батады, Түнде жортар ісі бар. (қасқыр)	1
30	«Логикалық жаттығулардың сиқыры»	кеңістікте бағдарлай алуға , зейіндерін, қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы арттыру, белсенділікке, тапқырлыққа үйрету.	Шешем менің — дәрігер, Адамдарды ол емдер. Әкем менің – инженер, Қаламызды көркейтер. Ойыншықтар бар сенде, Ойыншықтар бар менде. Ат пен доп бар Есенде, Қуыршақ бар Әселде.	1
31	«Пішіндер тапсырмалары»	Ғажайып саяхат арқылы Сан мен санды, сан мен өрнекті салыстыру жолдары, есептер шығару, сандар туралы білімдерін жетілдіру, логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.	Д/о: «Көңілді шеңбер»	1
32	Қызықты тапсырмалар	Заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Сергіту сәті Оң қолымды көтерем, Оң қолымды түсірем, Сол қолымды көтерем. Сол қолымды түсірем. Оңға қараймын, Аяқты топ-топ басамын, Солға қараймын. Біраз сергіп аламын.	1
33	«Алдар Көсенің тапсырмалары»	Қиялдарын дамыту. ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту	Санамақ Бөрік тіктім. Он ойланып, Тоғыз толғанып, Сегіз рет сызып, Жеті рет бұзып, Алты рет қарап, Бес рет санап, Төрт түйме қадам, Үш тал үкі тағып. Екі қолым талып, Бір бөрік тіртім,	1

			Әзір деп біттім.	
34	«Қызықты математика»	қиялдарын дамыту, ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту	Санамақ Алмас, Асан келісті, Алма жинап бөлісті. Арасында бір алма, Айтыс болды бұларға. Асан берсе, алмасы Үштен бірі кем болар. Алмас берсе, алмасы Асанның да тең болар. Алма санап көріндер, Екіге тең бөліндер.	1
35	«Сандықтағы қызықты тапсырмалар»	логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту.	Санамақ Бір аптаның күндері өтті: 1.Дүйсенбіде гүлдер ектім. 2.Сейсенбіде алма тердім. 3.Сәрсенбіде су әкелдім. 4.Бейсенбіде бақша баптап, 5.Жұма күні тақпақ жаттап, 6.Сенбіде мен саған бардым. 7.Жексенбіде бір демалдым.	1
36	«Не білдім, не үйрендім?»	Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, есептеу дағдыларын жаттықтыру, геометриялық пішіндер және геометриялық денелер туралы білімдерін бекіту, баланың тілін ойын танымдық қабілетін дамыту.	Жұмбақ жасыру Жасыл оранып далалар, Ән салады бұлбұлдар. Күледі біздің балалар, Ызындайды аралар. Ойнайды найзағай, Айтыңдаршы, Бұл қай ай ?	1
	Барлығы			36 сағат

№1. Пішіндер әлемі.

Мақсаты: Балалардың зиянын ойлау қабілеттерін, геометриялық пішіндер мен денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.

Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім екеуін

Болып шықты оң саусақ

Психологиялық тренинг:

-Балалар, қане біз алақанымызбен бір-бірімізге жақсы, жылу лебіздерін білдіріп, амандасып алайықшы



«Көлікті құрастыр» дидактикалық ойыны.


Мақсаты: жүк көліктерінің құрылысын білуді, көлік бөлшектерінің арақашықтығын бақылауды үйрету.

- Балалар біздің құрастырған көлігіміз қандай пішіндерден тұрады?
- Неше бөліктен құралған?



«Танграмм» ойыны

Топқа бөлініп жұмыс жасау.



Қорытынды:

Балалар, бүгінгі ойынымыз қызықты болды, бәрің де өте жақсы қатыстыңдар. Ұнаған пішінді көрсет? Көңіл күйімізді көрсетейік.

№2«Тапқырлар»

Мақсаты: Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, балалардың ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеңілдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру.

Қызықты тапсырмалар

1-тапсырма

Сюжетті логикалық есептер

Қоянға, түлкіге, аюға үш түрлі жалауша жасап берді – қызыл, сары, көк. Қояндағы жалауша қызыл емес, түлкідегі қызыл да, көк те емес. Кімнің жалаушасы қандай?

2) Ардақ алма ағашынан 3 алмұрт, Гүлдана 2 алмұрт жұлып алды.

Қыздардың қайсысы көп алмұрт жинады.

Д/ойын:

«Пішіндерді есте сақта»


Пішіндердің орнын ауыстырмай, ретімен орналастыр.



2-тапсырма

«Сәйкес келмей тұрған суретті тап»

Сәйкес келмей тұрған суретті тап




3-тапсырма

« Монгол ойыны /модельдермен жұмыс/

Берілген геометриялық пішіндерден кім не құрастырады.

Балалар үлгіге қарап (мысық, үй) құрастырады.



Қорытынды: Кім қонаққа келді? Қандай тапсырмалар орындадық? Өздеріңе ұнайтын жануарларды айтып беріңдер. Сендерге қандай тапсырманы орындаған көп ұнады. Сақымазақтың тапсырмасы ұнаса, сайқымазақтың көңілді суретін көтеріңдер.

№3. «Хайуанаттар бағына саяхат»

Мақсаты: Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Негізгі бөлім.

Хайуанаттар бағы-жабайы жануарларды қолда (торда, қоршауда) немесе жартылай қолда (табиғи мекендеу ортасына жақын көлемде қоршалған аумақ) ұстайтын ғылыми ағарту мекемесі. Онда біздің елде мекен етпейтін, теледидардан ғана көре алатын, жыртықш, жабайы жануарларды адамдар өз көздерімен көруге мүмкіндік жасалған. Оларды хайуанаттар бағының қызметкерлері баптайды. Хайуанаттар бағындағы жануарларға кез-келген тамақты беруге тиым салынған. Өйткені олар ауырып қалуы мүмкін.

Сөздік жұмысын жүргізу.

Хайуанат – жан – жануарлардың жалпы атауы.

Хайуанаттар бағы – жан – жануарларды бір араға жиып, көпшілікке көрсету шараларымен шұғылданатын мекеме.

1-тапсырма

Жұмбақтар

1.Қалқиып қос құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян)



2.Қорықпайды күшті аңнан,

Қорқады тек тышқаннан (Піл)



3.Айбарлы түрі бар,

Қанжардай тісі бар,

Тұма бойында

Тасыған күші бар

Күжірейген жалды.

Білсең айт бұл аңды. (Арыстан)



4. Қаңғырамын, үйім жоқ,

Ауылдардың қойы көп.

Ұрлық, зорлық кәсібім,

Танамақтанар-нәсібім. (Қасқыр)



2-тапсырма

Сурет бойынша әңгіме жүргізу.

Хайуанаттар бағы бейнеленген суретті пайдаланып, әңгіме құрастырады.

Балалар көмек арқылы торда тұрған қасқыр, аю, көжсек туралы әңгімелейді.

- Қасқыр – ит тұқымдас жануар. Түсі – сұр. Оны жыртқыш дейді.

Қасқырдың баласын бөлтірік деп атайды.

- Қоян – ұзын құлақ жабайы жануар. Қоянды үйде де асырайды. Оның түсі аппақ, сұр болады. Ол – өте қорқақ аң. Қоянның баласын көжсек деп атайды.

- Аю – ірі денелі, икемсіз жануар. Ол – жыртқыш аң. Ақ аю, қоңыр аю, қара аю болады. Аюдың баласын қонжық деп атайды.

- Піл – жер бетіндегі ең ірі, ең мықты, төрт тізесі бар жалғыз жануар. Оның аяғы жуан, тұмсығы ұзын болады.

Сондай -, мүйізтұмсық, жолбарыс, т.б. аңдар және құстар, бауырымен жорғалаушылар (жылан, кесіртке, тасбақа, қолтырауын) туралы да қысқаша мағлұмат беріледі, суреттерін не солар туралы түсірілген фильм көрсетуге болады.

- Қоян, аю, қасқыр сөздерін қатыстырып, бірнеше сөз тіркестерін құрастыру. Мысалы, қорқақ қоян, сұр қоян, аппақ қоян, ақ аю, қорбаңдаған аю, сұр қасқыр, т.б.

3-тапсырма

«Адасқан көжекті хайуанаттар бағына жеткіз» дидактикалық ойыны.

Шытырман жолдардың ішінен баққа апаратын жолды сызып көрсетеді.



4. «Кім тез табады?»



Екі баланы тақтаға шығарып, суреттен кірпінің жолын дұрыс, тез тапқан баланы мадақтаймыз.

3-тапсырма. Дидактикалық ойын «Хайуанаттар бағына саяхатқа»

Шарты: Үн таспа арқылы құстардың сайраған құстардың үні естіледі. Дауыс арқылы құстарды табу.

4-тапсырма.

Логикалық есеп (салыстыр)

Аю пілден кіші, ал аю қояннан үлкен, қандай ойыншық барлығынан үлкен?



Қорытынды.

- Сұрақ – жауап әдісі арқылы сабақта алған білімдері пысықталады.
- Сабақ балалардың жануарлар туралы білетін өлең – тақпақтар айтуымен аяқталады.

№4 «Ойлы болсаң озып көр»

Мақсаты: Балаларды жіктеу, орналастыру, ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.

Санамақ

Бір үйде бес баламыз,
Бір-бір жастан арамыз.
Бір жастағы - Біржан
Екідегіміз - Елжан
Үштегіміз — Үсен
Төрттегіміз - Төкен
Бестегіміз - Бекен
Жастарымызды қосыңыз,
Қосындысы қанша осының?

1. Әр банкаға сәйкесінше жемістерді сал

2. Қайсысы артық? Көкөніс санын көрсет

3. Жасалу ретін көрсет, суретті аяқта

Қорытынды: Балалар бүгін сендер қандай тапсырмалар орындадыңдар?
Қандай тапсырма орындаған ұнады? Қанекей, көңіл-күйімізді көрсетейік?

№6. «Ойнайық, та ойлайық»

Мақсаты: Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, ынтымақтастықпен орындауға үйрету. Сандар туралы білімдерін одан әрі дамыту, ой-өрісін кеңейту.

- Балалар, бүгін біз ертегі әлеміне барамыз. Алаңқайда бір үйшік тұр, тапсырманы орындау керек деген хабарлама жазылған.

1 - ші тапсырма:

Д/о: «Жасырылған санды тап»



2-ші тапсырма

Логикалық есеп: «Нешеу?».

1) 5 қонжық орманға,

Бара жатты қорбаңдап.

Бірі олардың шаршады,

Әрі қарай бармады.

Қанша қонжық кетті алда?

2) Менде болды 3 алма,

Бердім досыма 1 алма.

Қалды сонда неше алма?

3) Тарелкада 4 алмұрт,

Батыр алды біреуін.

Қалды сонда неше алмұрт

- Тоқ - тоқ, (3 саны жауап береді).

- Алаңқайдағы үйшікке 4 саны келіп, есік қағады.

- Мынадай тапсырманы орындасаң үйшікке кіресің.

3-тапсырма

«Жануарларды құрастыр»

Егер жұмбақтың жауабын тапсақ, қандай жануарларды құрастыратындарыңды білетін боласыңдар.

Жұмбақтар

Үстінен тоны түспеген,

Сонда да араз қыспенен. (Аю)

Еріксе,

Құйрығымен ойнайды.

Зеріксе,
Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)



Қорытынды: Алаңқайдағы үйшікке қандай сандар келді? Ұнаған санның тапсырмасын айтып бер? Қандай жануарларды құрастырған ұнады? Ол қай ертегіден? Ертегі әлемінде алған көңіл күйімізді көрсетейік.

№7 «Үздік ойшылдар»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмалар қызығушылықтарын арттыру.

Көңілді ойын жасайық,

Батыл қадам басайық.

Осылайша шабытпен,

Ойынымызды бастайық.

Сиқырлы шарлардың тапсырмаларын жақсы орындасақ, «Үздік ойшылдар» боламыз.

«Сиқырлы шарлар»

Шарлардың ішінде тапсырмалар берілген.


1-тапсырма «Неге ұқсайды?»

Геометриялық пішіндердің түсіне, пішініне қарай ұқсас заттарды атайды.



2– тапсырма: «Кім тапқыр?»

Жануарлар қай жерде тұрады? Әрқайсысының үйлерін көрсет.





3-тапсырма: «Тез ойла»

1. Құста неше тұмсық бар?
2. Адамда неше көз бар?
3. Үшбұрышта неше бұрыш бар?
4. Екі қоянның неше құлағы бар?
5. Жұлдызда неше бұрыш бар?
6. Бос ыдыста неше алма бар?
7. Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе?

«Қаниша? Не?» ойыны

Мақсаты: балалардың санау қабілеттерін дамыту. Түстерін танып, ажырата білу.



Қорытынды: Барлық тапсырмаларды «Үздік логиктар» болып орындадық. Қандай түсті сиқырлы шардың тапсырмасы ұнады, көрсет? Неге?
Көңіл – күйімізді көрсетейік

№8 «Ғажайып тапсырмалар»

Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері

Бәрімізт енді тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық
Жақсы – жақсы сөздерді,
Қонақтарға сыйлайық!
Табиғат біздің анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Иіліп сәлем береміз,
Біз әдепті баламыз.

«Құрбақа» қонаққа келеді.

Сәлеметсіздер ме? Тапсырма алып келдім, мен өз жапырағыма қалай жететінімді білмеймін. Егер маған тапсырмаларды орындап көмектессеңдер мен жапырағыма жетер едім!

Балалар: Жарайды, көмектесеміз! Себебі біз ақылды балалармыз!

1 - тапсырма. Дидактикалық ойын. Пішіндерден үлгіге қарап бейне құрастыр.



2 - тапсырма. Логикалық есептер

- Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды?

- Табақта екі алма, Қолымда бір алма, Інімде екі алма, Қосқанда барлығы болады неше алма?

Бір алма атама, Бір алма әжеме, Бір алма анама, Бір алма әкеме, Нешеуін алады? Нешеуі қалады?

2. Ағашта 5 құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?

3. Аулада бір үйрек, Қорада үш үйрек. Бір үйрек тығылды, Бір үйрек жығылды, Қалғаны неше үйрек?

3 – тапсырма . Кім тапқыр: « Жұмбақтар»


- 1.Адамға серік,
Күзетке берік. (Ит)
- 2.Жүрегі бар, ізі жоқ,
Қанатты бар, ұшпайды.
Су астында қыстайды. (Балық)
- 3.Сұм жүзді,
Құралай көзді,
Киікше секірген,
Бура санды,
Жолбарыс тонды. (Бақа)

4-Тапсырма

**ЖАНУАРЛАРДЫ АТА, ҚАНДАЙ ЖАНУАРЛАРҒА ЖАТАДЫ?
АНАСЫ МЕН ТӨЛДЕРІН ЖЕКЕ АТА**



Жануарлар қандай тамақты таңдайды? Олар нені жақсы көреді?



Балалар, сендер менің тапсырмаларымды орындап , менің жапырағымды тауып бердіңдер,сендерге рахмет.

Қорытынды: Құрбақа бізге не үшін келді? Құрбақа қайда мекендейді? Құрбақа жайлы тақпай айтайық.

Бақа, бақа, балпақ,

Басың неге жалпақ?

Темір телпек көп киіп,

Басым содан жалпақ.

Қандай тапсырмалар ұнады?

№9

«Ғажайыптар әлемінде»

Мақсаты: Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру, білімдерін жан жақты дамыту, ұиқыр ойлауға баулу.


Сергіту сәті:

Орнымызда тұрамыз,
Дөңгелекті құрамыз
Қолымызбен шапалақтап,
Аяқпенен ұрамыз

1-тапсырма:

«Коломбовое яицо» ойыны

Берілген үлгіге қарап бөліктерден бейнелер құрастыр.



2-тапсырма:

«Жұмбақтар» аялдмасы

Бой жаза алмай, ойнай алмай

Денең мұздап тоңады.

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады? (Күз)

Таңмен көзін ашады

Әлемге нұрын шашады. (Күн)

Тырс- тырс тамады

Сайға қарай ағады. (Жаңбыр)

3-тапсырма «Бау- бақша» аялдмасы .

Бау- бақша аялдмасы көкөністер мен жемістерді араластырып қойыпты.

Бақшаға барып жемістер мен көкөністерді ажыратайық





Қорытынды: Балалар бүгінгі тапсырмалар ұнады ма? Қандай тапсырма ұнады? Жемістер мен көкөністерді ажырата білеміз бе? Көңіл-күйлерімізді көрсетейік?

№10. «Тапқыр болсаң, тауып көр»

Мақсаты: Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.


Саусақ жаттығуы

«Бес саусақ»

Бас бармағым-атам, үйдің данасы,
балаң үйрек-әжем, ошақ анасы.
Ортан терек-әкем, отау панасы,
шылдыр шүмек-шешем, шаңырақ ажары.
Титтей бөбек-мен, бәрінің базары.



2- тапсырма : Көлікті өз тұрағына қоюға жәрдем бер.



*Қорытынды: Балалар, зиянды тағамдарға қандай тағамдар жатады екен? Неге?
Көңіл-күйлеріңіз қалай?*